

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Бекітемін
Ғылыми кеңес төрағасы,
ректор, ҚР ҰҒА академигі
Ғазалиев А.М.

« _____ » _____ 2013 ж.

СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)

ЕТN 2107 «Экономикалық теория негіздері» пәні

ЕТN 07 «Экономикалық теория негіздері» модулі

5В072400 «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Экономика институты

Кәсіпорын менеджменті кафедрасы

АЛҒЫ СӨЗ

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасы әзірленді (syllabus):
Э.Ғ.К., доцент Давлетбаева Н.Б., аға оқытушы Жуманбаева Т.К., аға оқытушы
Шаймерденова Р.Т.

«Кәсіпорын менеджменті» кафедрасының мәжілісінде талқыланады

№ _____ хаттама « ____ » _____ 2013 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Н.Б.Давлетбаева

Экономика институтының оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды

№ _____ хаттама « ____ » _____ 2013 ж.

Төрайым _____ Г.К.Кошебаева

Оқытушы туралы мәліметтер және байланыс ақпарат

Давлетбаева Назгуль Бакытовна - КМ кафедрасының меңгерушісі, доцент, э.ғ.к.
Жуманбаева Туганай Кабикеновна - КМ кафедрасының аға оқытушысы
Шаймерденова Рымтай Токеновна – КМ кафедрасының аға оқытушысы

Кәсіпорын менеджменті кафедрасы ҚарМТУ 4 корпусында (Б.Бульвары, 56) орналасқан, 224 ауд., байланыс телефоны 8-7212-56-59-39 (2036).

Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттер саны ECTS	Кредиттер саны	Сабақтардың түрі				СӨЖ сағаттар саны	Жалпы сағаттар саны	Жалпы сағаттар саны	
			Байланыс сағаттарының саны			ОСӨЖ сағаттарының саны				Барлығы сағаттар саны
			Лекциялар	Практикалық сабақтар	Зертханалық сабақтар					
III	3	2	15	15	-	30	60	30	90	Емтихан

Пәннің сипаттамасы

«Экономикалық теория негіздері» пәні жалпы білім беру пәндері циклына кіреді.

Пәннің мақсаты

«Экономикалық теория негіздері» пәні қоғамдағы экономикалық процестерді талдап, меңгеруге, экономикалық ойлау қалпын қалыптастыру және экономикалық талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатын алға қояды.

Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері мынадай: экономикалық теория курсы Мемлекеттік стандартқа сәйкес игеру, алынған білімді оқу бағдарламасында қарастырылған басқа экономикалық пәндерді оқу кезінде пайдалану.

Берілген пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті:

- экономикалық теорияның заңдары мен категориялары туралы;
- экономикалық жүйенің қызмет етуінің экономикалық заңдылықтары туралы түсінікке ие болуға.
- экономикалық жүйенің қызмет етуінің механизмін, экономикалық мәселелер бойынша ғылымда жинақталған негізгі теориялық ойларды;
- экономикалық құбылыстардың мәнін, әр түрлі экономикалық жүйелердегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының заңдылықтарын білуге;
- экономикалық құбылыстарды ұғыну үшін логика мен диалектиканы пайдалануды, бақылауды және ақпаратты жүйелеуге;
- біліктілік деңгейін жоғарлататын шынайы мүмкіндіктерді пайдалануды істей білуге;

- жаңа білім алу арқылы, ғылыми талдау әдістерін меңгеру арқылы, экономика саласындағы оқу және ғылыми әдебиетті зерттеу арқылы ғылыми жан-жақтылықты кеңейтудің практикалық дағдыларды меңгеруге.

Айрықша деректемелер

Берілген пәнді оқу үшін келесі пәндерді (бөлімдерді (тақырыптарды) көрсетумен) меңгеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
1 Қазақстан тарихы	5 Блок. Тәуелсіз Қазақстан. Бөлімі: ҚР сыртқы саясаты

Тұрақты деректемелер:

«Экономикалық теория негіздері» пәнін оқу кезінде алынған білім «Кәсіпорын экономикасы» пәнін меңгеру барысында қолданылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыймдылығы, с.				
	Лекциялар	Практикалық саб.	Зертханалық саб.	ОСӨЖ	СӨЖ
1 бөлім. Негізгі бөлім					
1 тақырып. Экономикалық теорияның пәні мен әдістері.	1	-	-	2	-
2 бөлім. Қоғамның экономикалық дамуының жалпы негіздері.					
2 тақырып. Қоғамдық өндіріс және оның құрылымы.	1	1	-	2	2
3 тақырып. Экономикалық институттар: меншік және кәсіпкерлік.	-	1	-	-	2
4- тақырып. Экономикалық жүйе түрлері және олардың даму заңдылықтары.	-	1	-	2	2
5- тақырып. Қоғамдық шаруашылық формалары. Тауарлы өндіріс. Ақша.	1	1	-	-	2
3 бөлім. Нарық және оны реттеу механизмі.					
6- тақырып. Нарық: түрлері, құрылымы, үлгілері.	1	-	-	2	2
7- тақырып. Сұраныс және ұсыныс.	1	1	-	2	2
8- тақырып. Бәсеке және монополия.	1	1	-	2	2
9- тақырып. Капитал (қорлар). Ауыспалы айналым және айналым.	1	1	-	2	2
10- тақырып. Өндіріс шығындары.	1	1	-	2	2

11- тақырып. Өндіріс факторларынан табыстар.	1	1	-	2	2
4 бөлім. Ұлттық экономиканың қызмет етуінің заңдылықтары.					
12- тақырып. Ұлттық экономика жүйе ретінде.	1	1	-	2	2
13- тақырып. Экономикалық тепе-теңдік және экономикалық өсу.	1	1	-	2	2
14- тақырып. Экономикалық циклдар. Инфляция мен жұмыссыздық.	1	1	-	2	2
5 бөлім. Макроэкономикалық реттеу.					
15- тақырып. Мемлекеттік реттеу: мәні, мақсаттары, инструменттері.	1	1	-	2	2
16- тақырып. Мемлекеттің әлеуметтік және аймақтық саясаты.	1	1	-	2	2
17- тақырып. Халықаралық экономикалық экономикалық қатынастар. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу.	1	1	-	2	-
Барлығы	15	15	-	30	30

Практикалық (семинарлық) сабақтардың тізімі

1. Қоғамдық өндіріс және оның құрылымы.
2. Экономикалық институттар: меншік және кәсіпкерлік.
3. Экономикалық жүйе түрлері және олардың даму заңдылықтары.
4. Қоғамдық шаруашылық формалары. Тауарлы өндіріс. Ақша.
5. Сұраныс және ұсыныс.
6. Бәсеке және монополия.
7. Капитал (қорлар). Ауыспалы айналым және айналым.
8. Өндіріс шығындары.
9. Өндіріс факторларынан табыстар.
10. Ұлттық экономика жүйе ретінде.
11. Экономикалық тепе-теңдік және экономикалық өсу.
12. Экономикалық циклдар. Инфляция мен жұмыссыздық.
13. Мемлекеттік реттеу: мәні, мақсаттары, инструменттері.
14. Мемлекеттің әлеуметтік және аймақтық саясаты.
15. Халықаралық экономикалық экономикалық қатынастар. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу.

Оқытушымен студенттің өздік жұмысының тақырыптық жоспары

ОСӨЖ тақырыбының атауы	Сабақтың мақсаты	Сабақтың түрі	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылатын әдебиет
1-тақырып. Экономикалық теорияның пәні мен әдістері	Берілген тақырып бойынша білімдерін	Экономикалық категориялар мен заңдарды қарастыру	Экономикалық категорияларға глоссарий құру	[1], [3], [4], [6], [7], [8]

	тереңдету			
2 Қоғамдық өндіріс және оның құрылымы	Өндірістің қоғам өміріндегі ролін көрсету. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму аралықтарының мәнін ашу.	Тестілерді шешу, оқу тапсырмалары, сұрақтар	Анықтама мен ұғымдардан жұп құру	[5], [6], [7], [11], [14], [15], [19]
4-тақырып. Экономикалық жүйе түрлері және олардың даму заңдылықтары.	Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының кезеңденуінің мәнін ашу	Мәселе бойынша сөз алмасу	Әдебиеттен қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының кезеңденуінің мәселесі бойынша конспект жасау	[3], [6], [7], [8], [15], [16]
6-тақырып. Нарық: түрлері, құрылымы, үлгілері.	Нарық қатынастар жүйесі екендігін көрсету, оның ҚР қалыптасуы мен түрленуі	Тақырыптың жекеленген мәселелерін ауызша талқылау	Нарықтық экономиканың модельдері және посткеңестік кеңістіктегі елдердегі нарықтық түрленулердің модельдері бойынша ауызша талқылауға дайындық	[3], [6], [7], [8], [9], [10], [11]
7-тақырып. Сұраныс және ұсыныс.	Сұраныс және ұсыныс заңдарының мәнін, икемділік мәселелерін ашу	Өткен тақырыптар бойынша тестілеу жүргізу	«Бірінші аралық бақылау» бөлімінде келтірілген тестілік сұрақтар бойынша тестілеуге дайындалу	[3], [6], [7], [8], [9], [10], [11]
8- тақырып. Бәсеке және монополия.	Бәсекенің мәнін ашу және оның экономикалық ролін айқындау	Тақырыптың жекеленген мәселелерін ауызша талқылау	Монополияға қарсы заңнама және монополияға қарсы саясат бойынша ауызша талқылауға дайындалу	[2], [6], [7], [8], [14]
9-тақырып. Капитал (қорлар). Ауыспалы айналым және айналым	Кәсіпкерлік капитал, оның айналымының ауыспалы айналымының мәнін ашу	Физикалық және моральды тозумен байланысты тапсырмаларды қарастыру	Капиталдың физикалық және моральды тозуының кәсіпорынның пайдалылығына әсерін көрсететін есептерді құру	[6], [7], [8] [19],[26], [27]
10-тақырып. Өндіріс шығындары.	Шығындардың түрлерін және жіктелуін	Тұрақты, өзгермелі және орташа шығындардың	Шығындардың жіктелуін зерттеу. Оқу әдебиеті негізінде шығындар кестесін	[6], [7], [8] [21],[26], [27]

	зерттеу	өндіріс көлемінің арту шамасына қарай динамикасының ерекшелігін қарастыру	құру	
11-тақырып. Өндіріс факторларынан табыстар.	Өндіріс факторлерінің иелері алатын табыстардың түрлерін көрсету	Тақырып бойынша докладтарды талқылау	Факторлы табыстар бойынша рефераттарды дайындау	[6], [7], [8] [21],[26],[27]
12-тақырып. Ұлттық экономика жүйе ретінде.	Ұлттық экономиканың құрылы мен мазмұнын ашу	Тақырып бойынша докладтарды талқылау	ҚР ұлттық байлығы. Қазақстандық кластерлер жүйесі тақырыптарына рефераттар дайындау	[1], [2], [6] [8],[16], [22]
13-тақырып. Экономикалық тепе-теңдік және экономикалық өсу.	Макроэкономикалық тепе-теңдік мәселесін зерттеу және экономикалық өсу мәнін ашу	Қазақстандық экономиканың дамуының басым бағыттарын ауызша талқылау	ҚР президенті Н.Назарбаевтің «Қазақстан-2030» халыққа жолдауын оқып білу	[6], [7], [8] [13],[16], [17], [22]
14-тақырып. Экономикалық циклдар. Инфляция мен жұмыссыздық.	Циклдік ауытқулардың себептерін айқындау және жұмыссыздық пен инфляцияның өзара байланысын көрсету	Тақырыптың жекеленген мәселелерін ауызша талқылау	Экономикалық дағдарыстардың себептері мен ҚР дағдарысқа қарсы саясаты бойынша ауызша талқылауға дайындалу	[3], [6], [7] [8], [13], [15] [17]
15-тақырып. Мемлекеттік реттеу: мәні, мақсаттары, инструменттері.	Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәнін, мақсаттарын және инструменттерін көрсету	Өткен тақырыптар бойынша тестілеу жүргізу	«Екінші аралық бақылау» бөлімінде келтірілген тестілік сұрақтар бойынша тестілеуге дайындалу	[Сыртқы экономикалық қызметті реттеу.
16-тақырып. Мемлекеттің әлеуметтік және аймақтық саясаты.	Мемлекеттің әлеуметтік және аймақтық саясатының мәнін, қажеттілігі мен	Тақырып бойынша докладтарды тыңдау және талқылау	ҚР тұрғындарды әлеуметтік қорғау және аймақтық саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша докладтарды дайындау	[5], [6], [7] [8], [18]

	мақсаттарын айқындау			
17-тақырып. Халықаралық экономикалық қатынастар. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу.	Берілген тақырып бойынша білімдерін тереңдету	Сыртқы экономикалық қызметті реттеу бойынша доклад дайындау және талқылау	Халықаралық экономикалық қатынастар.	[4], [6], [7] [8], [20]

СӨЖ арналған бақылау жұмыстарының тақырыбы

1. Өндірістік мүмкіндіктер кестесін талдау негізінде альтернативті шығындар мәнін ашу. Мысалдар келтіру.
2. «Кәсіпкерлік нарықтық экономика жағдайында меншікті экономикалық жүзеге асыру жолы ретінде» тақырыбына реферат дайындау.
3. Кестелі көріністер арқылы «сұраныс көлемінің өзгеруі» мен «сұраныстың өзгеруі» түсініктері арасындағы айырмашылықты көрсету. Сұраныс заңының мәнін ашу.
4. Кестелі көріністер арқылы «ұсыныс көлемінің өзгеруі» мен «ұсыныстың өзгеруі» түсініктері арасындағы айырмашылықты көрсету. Ұсыныс заңының мәнін ашу.
5. Нақты тауар шығару кезіндегі тепе-тең баға кестесі негізінде баға өзгерісінің нарықтық тепе-теңдікке әсерінің сандық мысалдарын келтіру.
6. Икемділік коэффициенттерінің формулаларын пайдалана отырып табыс және баға бойынша икемділікке түсініктеме беру. Энгель заңының мәнін ашу.
7. Уақытша параметрлердің ұсыныс икемділігіне әсерінің мысалдарын келтіру.
8. Кестелерді пайдаланып пайдалылықтың кардиналистік және ординалистік теорияларының айырмашылығын түсіндіру.
9. «Капитал (қорлар). Қорлардың айналымы ауыспалы айналымы» және «Өндіріс шығындары» тақырыптары бойынша үш тестілік тапсырма дайындау (бес альтернативті жауаптар).
10. Факторлы табыстардың қалыптасуының мәселелері бойынша қысқаша конспектілер құру.
11. Жиынтық ұлттық өнімді және жиынтық ішкі өнімді есептеу әдістері бойынша қысқаша конспектілер құру.
12. Жиынтық ұсыныс кестесін құру және оның қиықтарына сипаттама беру.
13. Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы логикалық байланысты көрсету. Оукен заңының мәнін ашу.
14. «ҚР ақша-несиелік жүйесі және ақша несиелік саясаты» мәселесі бойынша реферат дайындау.
15. «ҚР әлемдік интеграциялық процестерге және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы» мәселесі бойынша реферат дайындау.

Студенттердің білімін бағалау белгілері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау (60% дейін) және қорытынды аттестаттау (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіштерінің сомасы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% дейін мәнді құрайды.

Әріптік баға бойынша бағалау	Сандық бағалау эквиваленттері	Меңгерілген білімдердің проценттік мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

«A» (өте жақсы) деген баға, студент семестр барысында пәннің барлық бағдарламалық сұрақтары бойынша өте жақсы білім көрсеткен, сонымен қатар, өздік жұмыс тақырыптары бойынша жиі аралық білімін тапсырған, оқылатын пән бойынша негізгі бағдарлама бойынша теориялық және қолданбалы сұрақтарды оқуда дербестік көрсете білген жағдайда қойылады.

«A-» (өте жақсы) деген баға негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды, пәннің теориялық сұрақтарын жалпылауға қабілетін өте жақсы меңгеруін, аудиториялық және дербес жұмыс бойынша аралық тапсырмалардың жиі тапсырылуын болжайды.

«B+» (жақсы) деген баға, студент пәннің сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды көбінесе «өте жақсы» және кейбіреулерін «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B» (жақсы) деген баға, студент, пәннің нақты тақырыбының негізгі мазмұнын ашатын сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды уақытында «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B-» (жақсы) деген баға студентке, егер ол аудиториялық қалай болса, дәл солай СӨЖ тақырыптары бойынша пәннің теориялық және қолданбалы сұрақтарына жақсы бағытталады, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды жиі тапсыратын және пән бойынша семестрлік тапсырмаларды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болған жағдайда қойылады.

«С+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша жалпы мағлұматтандырылған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және аудиториялық сабақтар мен СӨЖ бойынша білімі төмен, сондай-ақ, сабақтар босатқан жағдайда қойылады.

«F» (қанағаттанарлықсыз) деген баға студент, СӨЖ және сабақтардың түрлері бойынша теориялық және практикалық білімнің төмен деңгейіне де ие емес, сабақтарға жиі қатыспайтын және уақытында семестрлік тапсырмаларды тапсырмайтын жағдайда қойылады.

Аралық бақылау оқытудың 7-ші,14-ші апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

Бақылау түрі	% -тік мәні	Оқытудың академиялық кезеңі, апта															Барлығы, %
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
Қатысу	0,1	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	1,5
Лекция конспектілері	0,3	*		*		*		*		*		*			*		2,1
Практикалық сабақтар	2,5	*		*		*		*		*		*		*			17,5
ОСӨЖ	1,0	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	14
СӨЖ	1,0	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	14
Аралық бақылау	5,4							*							*		10,8
Емтихан																	40
Барлығы (аттестация бойынша)								30							30		60
Барлығы																	100

Саясат және рәсімдер

«Экономикалық теория негіздері» пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды өтінеміз:

1. Сабаққа кешікпей келуді.
2. Дәлелді себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсініктеме хат ұсынуды.
3. Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.
4. Оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.
5. Жіберілген практикалық және зертханалық сабақтар оқытушы белгілеген уақытта қайта тапсыру.
6. Сабаққа белсенді қатысу.
7. Себеппен босатқан сабақтар бойынша тапсырмаларды орындау.
8. Сабақ үстінде смөйлеспеу, газет журналдар оқымау.
9. Ұялы телефондарды өшіру.
10. Сабақ үстінде бірлесін жұмыс істеуге белсенділік танытпайтын студенттерді дискуссияға тартуға ықпал ету.
11. Жауапты болу және барлық жұмысты уақытылы орындау.
12. Үй тапсырмасын және басқа да тапсырмаларды ұқыпты орындау.
13. Тапсырмаларды орындамаған жағдайда, айыптау шкаласына сәйкес қортынды баға төмендетіледі.
14. Курстастар мен оқытушыға мейірімді, ашық болу.

Оқу–әдістемелік қамтамасыз етілушілік

Автордың аты-жөні	Оқу- әдістемелік әдебиеттің атауы	Баспа, басылып шығатын күні	Даналар саны	
			кітап-ханада	кафедрада
1	2	3	4	5
Негізгі әдебиет				
1. Н.А. Назарбаев	Қазақстан – 2030	Астана, 1997.	25	1
2. Н.А Назарбаев	Президенттің Қазақстан халқына жолдауы.- Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге экономикаға, қабілетті ұлтқа	Астана, 2004	5	1
3. Н.А.Назарбаев	Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. - Қазақстан жылдамдатылған экономикалық, әлеуметті және саяси модернизациялау жолында	Казахстанская правда. 19 ақпан. 2005.	5	1
4 Н.А. Назарбаев	Президента Н.А.Назарбаевтың 2005 25 наурыздағы кәсіпкерлер конгрессіндегі үндеуі	Казахстанская правда. 26 наурыз 2005	5	1

5 Н.А. Назарбаев	Президенттің Қазақстан халқына жолдауы.- Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын жақсарту – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты.	6 ақпан 2006	5	1
6. Под редакцией А.И. Добрынина, Л.С. Тарасевича	Экономическая теория: Учебник	С-П., 2001	13	-
7. Под ред. В.И. Видяпина, А.И. Добрынина, Г.П. Журавлевой, Л.С. Тарасевича	Экономическая теория: Учебник	С.П.,2004	43	-
8. Под общей ред. М.Н. Чепурина и А.Е Киселевой	Курс экономической теории	М., 2004	5	-
9. Аубакиров Я.А.	Экономическая теория в условиях рыночных преобразований: Учебное пособие	А.,2003	1	-
10. Под ред. А.Я. Аубакирова	Казахстанская модель рыночных преобразований: социально-экономические и правовые аспекты	Алматы: Казак. Университеті , 2003	1	-
11. Под ред. М.Б. Кенжегузина	Рыночная экономика Казахстана: проблемы становления и развития. – В двух томах	А., 2001	2	-
12. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.	Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана: теория, опыт, проблемы	А.,: Экономика,1998	4	-
13. Куликов Л.М.	Экономическая теория: Учебник	М., 2004	4	-
14. Портер М.	Конкуренция	С.П., 2000	1	-
Қосымша әдебиет				
15. Борисов Е.Ф.	Экономическая теория: Учебник	М.: Юность, 1997	26	-
16. Руководитель авторского коллектива и научный редактор профессор Сидорович А.В.	Курс экономической теории. Общие основы экономической теории, микроэкономика, макроэкономика, переходная экономика: Учебное пособие	М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, Изд-во «ДИС», 1997	3	-
17. Мельдаханова М.К.	Занятость населения и экономический рост: методология, стратегия и механизм регулирования	А., 1999	1	-

18. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.	Региональная политика Республики Казахстан: экономический механизм реализации	А., 1998	2	-
19. Нурланова Н.К.	Формирование и использование инвестиций в экономике Казахстана: стратегия и механизм	А. Гылым, 1998	2	-
20. Мамедов О.	Политическая экономия. Элективное пособие по курсу «Основы экономической теории»	Ростов н / Д: Изд-во «Феникс», 1999	3	-
21. Под ред. акад. В.И. Видяпина, акад. Г.П. Журавлевой.	Общая экономическая теория	М.: ПРОМО-Медиа, 1995	1	-
22. Под ред. Смаилова.	Казахстан 1991-2001 годы. Информационно-аналитический сборник	А.: Агентство РК по статистике, 2001	1	-
23. С. Фишер, Р. Дорнбуш, Р. Шмалензи.	Экономика: Пер. с англ.	М.: «Дело ЛТД», 1993.	5	-
24. Под ред. проф. О.И. Волкова, В.К. Скляренко.	Экономика: Учебное пособие	М.: ИНФРА-М, 2000.	8	-
25. Под ред. А.С. Булатова.	Экономика	М.: БЕК, 2004.	13	-
26. Под редакцией А.И. Добрынина, Л.С. Тарасевича	Экономическая теория. Задачи, логические схемы, методические материалы	СПб: Издательство «Питер», 1999.	8	-
27. Н.И. Базылев, М.Н. Базылева, А.В. Бондарь и др.	Экономическая теория практикум	Минск: БГЭУ, 2000.	4	-

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтылығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6
Практикалық тапсырманы орындау	Теориялық білімді тереңдету	[1], [3], [4], [6], [7], [8], [13],[15], [16], [20] лекциялар конспектілері	1 апта	Ағымдағы	1,3,5,7,9, 11,13 апта
Аралық бақылау	Теориялық білімді тереңдету	[1], [3], [4], [6], [7], [8], [9], [10], [11], [15], [16], [20] лекциялар конспектілері	1 біріккен сағаттар	Аралық	7,14 апта
ОСӨЖ	Теориялық білімді тереңдету	[2], [6], [7], [8], [14], [19], [21],[26], [27], лекциялар конспектілері	1 апта	Ағымдағы	1-14 апта
СӨЖ	Теориялық білімді тереңдету	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	1 біріккен сағаттар	Ағымдағы	1-14 апта
Емтихан	Пән материалының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	2 біріккен сағаттар	Қорытынды	Сессия кезеңінде

Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Экономикалық теорияның пәні.
2. Экономикалық заңдар дегеніміз не?
3. Өндірістік мүмкіндіктер графигін сызып, сипаттамасын беру.
4. Альтернативті шығындардың мәнән ашу керек.
5. «Не, қалай, кім үшін өндіру керек?» мәселесін қандай қоғам шешуге мүдделі.
6. Экономикалық ресурстардың абсолютті шектеулілігі ненің арқасында салыстырмалы шектеулікке айналады?
7. Шекті пайдалылық көлемі неге байланысты болады?
8. Өндіріс факторларына сипаттама беру.
9. Егер дүкендегі сауда несие карточкасымен болса, онда ақша қандай қызмет орындайды?
10. Жеке өндіріс факторына сипаттама беру.
11. Өндіріс ресурстарына сипаттама беру.
12. Адам қажеттіліктерінің түрлерін атаңыз.
13. Еңбек құралдарына не жатады?

14. Ақша арқылы әр түрлі тауарлардың салыстырмалы құндылығы анықталатын болса, ақша қандай қызмет атқарады?
15. Лизинг деген не?
16. Венчурлы кәсіпорын деген не?
17. Алтынның экономикалық анықтамасын беріңіз.
18. Өндіріс деп нені қарастырады?
19. Өндірістік функция деген не? Ол қандай түрде беріледі?
20. Еңбек өнімділігіне не әсер етеді?
21. Тауарлы өндіріс сипаттамасын беріңіз.
22. Қарапайым тауарлы өндіріске қандай еңбек нысаны тән?
23. Шаруашылық нысандарының ерекшелену критерилерін атаңыз.
24. Маркстік оқытуларға сәйкес тауардың қандай қасиеттері бар?
25. Бартерлік айырбас қиындықтарын шеше отырып ақша қандай қызмет атқарады?
26. Өндірісті экономикалық ұйымдастырудың негізгі критеріі не болып табылады?
27. Қандай жағдайда ақша айналыс құралы қызметін атқарады?
28. Қандай жағдайда ақша төлем құралы қызметін атқарады?
29. Нарықтық экономикаға қандай сипаттар тән?
30. Нарық дегеніміз не?
31. Ағылшын экономисі А.Смитт «көрінбейтін қол» деп нені көрсетеді?
32. Нарықтық жүйенің негізгі элементтерін атаңыз?
33. Тауар және қызметтер нарығы қандай жағдайда тепе-теңдік күйінде болады?
34. Қандай жағдайда сұраныс икемді болады?
35. Сұраныс заңын сипаттаңыз.
36. «Сұраныстың өзгеруі» және «сұраныс көлемінің өзгеруі» арасындағы айырмашылық неде? Графикте көрсетіңіз.
37. Сұраныстың бағалық икемділігі коэффициенті нені білдіреді?
38. Егер бірлік икемділік бар тауарға сұраныс пен ұсыныс бірдей көлемге артса, пайда қалай өзгереді?
39. Ұсыныс заңының мәні неде?
40. Икемді сұранысқа ие тауардың бағасы артса, сатушы табысы қалай өзгереді?
41. Тұтыну шектелген бюджет сызығында жатқан тауарлар комбинациясын қаласа нені білдіреді?
42. Егер бағаның төмендеуі тұтынушыны сол тауарды көбірек көлемде сатып алуға итермелесе, ол нені білдіреді, бұл қандай құбылыс?
43. Адамдардың қандай да бір затты қалап, сатып алуға дайындығын қандай термин сипаттайды?
44. Егер мемлекет тауардың бағасын нарықтық тепе-тең бағадан төмен орнатса, не болады?
45. Ұсыныс деген не?
46. Тұтынушылық қалау деген не?
47. Олигополия деген не?

48. Олигополиялық нарықта бағадағы лидерлік немен сипатталады?
49. Шынайы монополияға жататын кәсіпорындардың мысалын келтіріңіз.
50. Олигополияның анықтамасын беріңіз.
51. Бәсекенің анықтамасын беріңіз.
52. Монополияның анықтамасын беріңіз.
53. Монополист қандай өндіріс көлемінде пайдасын максимизациялайды?
54. Капитал түсінігінің анықтамасын беріңіз.
55. Тұрақты капитал деген не?
56. Капиталдың ауыспалы айналымының формуласын сипаттаңыз.
57. Амортизациялық төлемдер қалай есептелінеді.
58. Айналым капитал деген не?
59. Негізгі капиталдың физикалық және моралды тозуы.
60. Тауардың өмірлік циклін сипаттаңыз.
61. Инвестиция дегеніміз не?
62. Өндіріс тиімділігі деп нені қарастырамыз?
63. Жиынтық, шекті және орташа шығындар дегеніміз не?
64. Шекті шығындар қандай жағдайда пайда болады?
65. Шынайы еңбек ақы дегеніміз не?
66. Өндіріс факторларынан табыстарды атаңыз?
67. Рентаға анықтама беру. Рента түрлерін көрсету. Жерге деген қандай монополия түрлері дифференциалды және абсолютті рента түрлерін тудырады?
68. Фирманың экономикалық және бухгалтерлік пайдасын сипаттаңыз.
69. Микроэкономика нені зерттейді?
70. Жердің бағасы қалай анықталады?
71. Ссудалық процент анықтамасын беріңіз.
72. Еңбек ақының негізгі нысандарын атаңыз.
73. Макроэкономика нені зерттейді.
74. Жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс, ұлттық байлыққа сипаттама беріңіз.
75. Жиынтық ұлттық өнімді табыстар, шығындар бойынша және қосылған құн бойынша есептеу.
76. Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс деген не?
77. Жиынтық ұсыныс қисығындағы кесінділерді сипаттаңыз.
78. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2030» жолдауындағы қазақстандық экономиканың дамуының басым бағыттары.
79. Экономикалық өсу: мәні, көрсеткіштері және факторлары.
80. Циклдік ауытқулардың себептері.
81. Экономикалық циклділік деген не?
82. Экономикалық циклдің көп түрлілігі.
83. Дағдарыстың мәні, себептері, әсеуметті-экономикалық салдары.
84. Экономикалық циклдің фазаларын сипаттаңыз.
85. Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысын көрсету.
86. Инфляцияның себептері, көрсеткіштері және түрлері.
87. Жұмыссыздық: мәні, себептері және нысаны.
88. Оукен заңы.

89. Экономиканы мемлекеттік ретту: мақсаттары, функциялары, инструменттері.
90. ҚР ақша-несиелік жүйесі және ақша-несиелік саясаты.
91. Мемлекеттік бюджет. Мемлекеттік шығындар және жиынтық сұраныс.
92. ҚР салықтық және фискалды саясаты.
93. Мемлекеттік әлеуметтік саясаты: қажеттілігі, мәні, мақсаттары.
94. Халықаралық еңбек бөлінісі және елдің бәсекеге қабілеттілігі.

